

"Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы Ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Маңғыстау облысы әкімдігінің 2015 жылғы 13 қазандағы № 306 қаулысы. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2015 жылғы 20 қарашада № 2869 болып тіркелді. Күші жойылды - Маңғыстау облысы әкімдігінің 2019 жылғы 11 желтоқсандағы № 261 қаулысымен

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған .

Ескерту. Күші жойылды - Маңғыстау облысы әкімдігінің 11.12.2019 № 261(алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған "Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ереже бекітілсін.

2. "Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесі (Р.Ф. Бектубаев) осы қаулының "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесі мен бұқаралық ақпарат құралдарына ресми жариялануын, Маңғыстау облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналасуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Б.Ғ. Нұрғазиеваға жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

А. Айдарбаев

"КЕЛІСІЛДІ"

**"Маңғыстау облысының
денсаулық сақтау басқармасы"
мемлекеттік мекемесінің басшысы**

Р.Ф. Бектубаев

04 қараша 2015 жыл

"Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы

ЕРЕЖЕ 1. Жалпы ережелер

1. "Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесіне азаматтардың денсаулық сақтау саласындағы басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган болып табылады.

2. "Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және Қазақстан Республикасының заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. "Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесі мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

4. "Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

5. "Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесі егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекет атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

6. "Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасы мемлекеттік мекемесі бірінші басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілерімен рәсімделетін шешімдер қабылдайды.

7. "Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

8. Заңды тұлғаның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы, 130000, Ақтау қаласы, 3 шағын аудан, № 100 ғимарат.

9. Мемлекеттік органның толық атауы:
мемлекеттік тілде: "Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасы"
мемлекеттік мекеме;

орыс тілінде: государственное учреждение "Управление здравоохранения Мангистауской области".

10. "Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құрылтайшысы Маңғыстау облысының әкімдігі болып табылады.

11. Осы Ереже "Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

12. "Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру облыстық бюджеттен жүзеге асырылады.

13. "Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесіне кәсіпкерлік субъектілерімен "Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

14. "Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің жұмыс режимі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес дербес анықталады.

2. Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасының миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

15. "Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің миссиясы мемлекеттік саясатты тиімді қалыптастыру және іске асыру, денсаулық сақтау саласында қызмет көрсетуді салааралық үйлестіру мен мемлекеттік реттеуді жүзеге асыру жолымен азаматтардың денсаулығын жақсарту болып табылады.

16. "Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің негізгі міндеттері:

1) азаматтардың денсаулығын сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты жүргізу;

2) облыс халқының денсаулық жағдайын сақтау және нығайту;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес азаматтардың мемлекет кепілдік берген көлем шегінде тегін медициналық көмек алуын қамтамасыз етуді ұйымдастыру;

4) облыстың денсаулық сақтау ұйымдарын материалдық - техникалық қамтамасыз ету;

5) облыстың денсаулық сақтау ұйымдарын кадрлық жарақтандыру;

6) облыстың денсаулық сақтау саласында көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасын қамтамасыз ету болып табылады.

17. "Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесі оған жүктелген міндеттерге сәйкес заңнамада белгіленген тәртіпте келесідей функцияларды жүзеге асырады:

1) денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады және өңірлік денсаулық сақтау бағдарламаларының іске асырылуын қамтамасыз етеді;

2) Қазақстан Республикасының азаматтары мен оралмандардың тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін алу құқығын іске асыруын қамтамасыз етеді;

уақытша бейімдеу және детоксикациялау орталықтарындағы адамдарды күтіп-бағуға бақылауды жүзеге асырады;

жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарының қызметіндегі тұрақтылықты және тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлеміне арналған бюджет қаражатының пайдаланылуын қамтамасыз етеді;

саламатты өмір салтын ынталандыру жөніндегі іс-шаралар кешенін ұйымдастырады;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, тұрмыстық және жол-көліктік жарақаттанудың профилактикасы жөніндегі шараларды қабылдайды;

денсаулық сақтау ресурстарын тиімді жоспарлау мен пайдалануды қамтамасыз етеді;

медициналық көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру жөніндегі шараларды қабылдайды;

халықтың денсаулық сақтау мәселелері жөніндегі ақпаратқа қолжетімділігін қамтамасыз етеді;

3) қан мен оның компоненттерінің ерікті өтеусіз донорлығын дамыту жөніндегі шаралардың іске асырылуын қамтамасыз етеді;

тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде жоғары мамандандырылған медициналық көмек алу үшін тұрақты тұратын елді мекеннен тысқары жерлерге шығатын азаматтардың жекелеген санаттарына облысымыздың жергілікті өкілді органдары айқындайтын тізбе бойынша ел ішінде жол жүру ақысын төлейді;

4) мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарының кадрмен қамтамасыз етілуін бақылауды ұйымдастырады;

жас мамандарды әлеуметтік қолдау және бекіту шараларын қоса алғанда, мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарын кадрлық қамтамасыз ету бойынша шаралар қолданады;

5) денсаулық сақтау ұйымдарының желісін салу және дамыту, оларды қаржылық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету бойынша, оның ішінде

дәріханалардың мемлекеттік желісін дамыту және дәріханалық қоймалар құру бойынша шаралар қолданады;

6) денсаулық сақтаудың мемлекеттік және мемлекеттік емес секторларының қызметін үйлестіреді;

7) төтенше жағдайлар, төтенше жағдай режимін енгізу кезінде тегін медициналық көмек көрсетуді, дәрілік заттармен және медициналық мақсаттағы бұйымдармен қамтамасыз етеді;

8) денсаулық сақтау саласындағы өңіраралық және халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады;

9) Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес медициналық және фармацевтикалық қызметті, сондай-ақ денсаулық сақтау саласындағы есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымына байланысты қызмет түрлерін лицензиялауды жүзеге асырады;

10) денсаулық сақтау саласындағы кадрларды даярлауды, олардың біліктілігін арттыруды және оларды қайта даярлауды қамтамасыз етеді;

11) денсаулықты нығайту, аурулардың профилактикасы, саламатты өмір салтын және дұрыс тамақтануды қалыптастыру үшін қажетті іс-шараларды жүзеге асырады;

12) белгіленген ұлттық стандарттарды сақтай отырып, халыққа білікті және мамандандырылған медициналық көмек көрсетуді, оның ішінде әлеуметтік мәні бар аурулардың және айналадағыларға қауіп төндіретін аурулардың профилактикасын және олардан емдеуді, оған қоса тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде дәрімен қамтамасыз етуді ұйымдастырады;

13) мүмкіндігі шектеулі балаларды ата-анасының немесе өзге заңды өкілдерінің келісімімен психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияларға жіберуді қамтамасыз етеді;

14) өз құзыреті шегінде денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

15) уәкілетті органмен денсаулық сақтау саласындағы қызметтің түпкі нәтижелеріне қол жеткізуге бағытталған меморандум жасасады және оны іске асырады;

16) туберкулезбен ауыратын азаматты мәжбүрлеп емдеуге жіберу туралы сот шешімін орындауға жәрдемдеседі:

медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы бөлшек саудада өткізуді жүзеге асыратын субъектілердің тізілімін жүргізеді;

облыстың ведомствалық бағынысты медициналық ұйымдарында медициналық және фармацевтикалық қызметпен айналысу, сондай-ақ есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымына байланысты қызмет

түрлері бойынша Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасының сақталуын бақылауды жүзеге асырады;

медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы көтерме саудада өткізуді жүзеге асыратын денсаулық сақтау субъектілерінің тізілімін жүргізеді;

фармацевтикалық білімі бар маман болмаған жағдайда, аудан орталығынан шалғайдағы елді мекендерде алғашқы медициналық-санитариялық, консультациялық-диагностикалық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарындағы дәріхана пункттері және жылжымалы дәріхана пункттері арқылы дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды өткізуді жүзеге асыру үшін медициналық білімі бар мамандарды оқытуды және аттестаттауды жүргізеді;

өзіне ведомстволық бағынысты денсаулық сақтау ұйымдарының басшыларына кәсіптік құзыреттілігіне аттестаттауды өткізеді;

"Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіппен денсаулық сақтау саласындағы қызметті жүзеге асырудың басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарламалар қабылдауды, сондай-ақ рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізілімін жүргізуді жүзеге асырады;

17) облыста санитарлық авиацияны ұйымдастырады және оның қызметін қамтамасыз етеді.

18. "Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесі оған жүктелген міндеттерді іске және өз функцияларын жүзеге асырады :

1) денсаулық сақтауды дамыту мәселелері бойынша аппараттық кеңестерге, облыс әкімдігінің мәжілістеріне, облыстық мәслихат сессияларына қарауға ұсыныстар енгізуге;

2) азаматтардың денсаулығын қорғау саласында құзырлы орталық атқарушы органның жобаларын, қаулыларын талқылауға қатысуға;

3) қажет болғанда денсаулық сақтаудың мемлекеттік жүйесінің мүдделерін қорғауға қатысуға;

4) міндеттер мен қызметтерді іске асыру үшін, мемлекеттік басқару органдарымен бірлесіп жұмыс істеуге;

5) мемлекеттік органдардан және басқа да ұйымдардан өз қызметтерін орындау үшін, қажетті ақпаратты сұрауға және алуға; сонымен қатар олардың құзырына кіретін сұралған мәселелер бойынша оларға жедел ақпарат беруге; аналитикалық сипаттағы және қызметте қолдану үшін, ақпарат облыс әкімінің басқарушы орынбасарының келісімі бойынша беруге;

б) қолданыстағы заңнамаға сәйкес басқа да өкілеттікті іске асыруға.

19. "Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің міндеттері:

1) Қазақстан Республикасының заң талаптарын және облыс әкімінің облыс аумағындағы денсаулық сақтау жүйесінің қызметін регламенттейтін басқа да нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын сақтауға;

2) меншік түрлеріне қарамастан медициналық ұйымдар іске асыратын тұрғындарға медициналық көмекті ұйымдастыру және қамтамасыз ету, сондай-ақ, оның сапасы мен тиімділігі үшін;

3) облыстың медициналық ұйымдарының қаржы-шаруашылық қызметінің жағдайына;

4) жергілікті өкілеттік және атқарушы билік органдарды, сонымен қатар денсаулық қорғау саласындағы өкілеттік орталық атқарушы органды денсаулық сақтау мәселелері мен сұрақтары бойынша ақпараттық қамтамасыз етуге міндетті;

5) "Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесі қызметкерлерінің әкімшілік мемлекеттік қызметшілерінің этика нормаларының сақталуын қамтамасыз етуге;

6) "Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құзыретіне кіретін өзге де міндеттерді орындауға.

3. Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасы қызметін ұйымдастыру

20. "Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесіне басшылықты "Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшы жүзеге асырады.

21. "Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысын қызметке Маңғыстау облысының әкімімен тағайындалады және қызметтен босатылады.

22. "Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесі бірінші басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасарлары болады.

23. "Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысының өкілеттігі:

1) "Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құрылымын және штат кестесін бекітеді;

2) "Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қызметкерлерінің міндеттері мен өкілетілігін белгілейді;

3) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес, облыс әкімінің басқарушы орынбасарының келісімімен мекемеге қарасты медициналық ұйымдардың, медициналық колледждің басшыларын және облыс қалалары мен аудандарының денсаулық сақтау үйлестірушілерін тағайындайды және қызметінен босатады;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, мекемеге қарасты ұйымдардың басшыларының орынбасарларын қызметке тағайындайды және қызметінен босатады;

5) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес "Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте "Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қызметкерлеріне және мекемеге қарасты ұйымдардың басшыларына көтермелеу және тәртіптік жаза беру мәселелерін шешеді;

7) Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасының құрылымдық бөлімшелері мен мамандардың лауазымдық нұсқаулары (қызметтік міндеттері) туралы ережені бекітеді;

8) Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасын меншік түрлеріне қарамастан, мемлекеттік органдарда, мекемелерде және ұйымдарда, басқа кәсіпорындарда және ұйымдарда сенімхатсыз ұсынады;

9) ерлер мен әйелдерді басшылық қызметке ұсыну кезінде гендерлік теңгерімнің сақталуын қамтамасыз етеді;

10) "Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесіндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жасау жөніндегі жұмысқа жеке жауапты болады;

11) "Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің жоспарын бекітеді, оның орындалуын жүзеге асырады.

12) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттікті жүзеге асырады.

24. "Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.

25. "Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің жанындағы консультативтік-кеңесші орган ретінде алқа құрылады.

26. "Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес денсаулық сақтау саласындағы ведомстволық бағынысты мемлекеттік

кәсіпорындарда байқау кеңестерін құрады және олардың қызметіне бақылау жасайды.

4. Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасының мүлкі

27. "Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі бар.

28. "Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

29. "Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесі бекітілген мүлік облыстық коммуналдық меншікке жатады.

30. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, "Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесі, өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

31. Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу Маңғыстау облысы әкімдігінің қаулысымен жүргізіледі.

32. Ережеге енгізілген өзгерістер мен толықтырулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркеледі.

6. Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасын қайта ұйымдастыру және тарату

33. "Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Маңғыстау облысы әкімдігімен жүзеге асырылады.

7. Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасының қарамағындағы ұйымдардың тізбесі

1) Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасының "Маңғыстау облыстық ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;

2) Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасының "Облыстық балалар ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;

3) Маңғыстау облысы әкімдігінің Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасының "Облыстық инфекциялық ауруханасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;

4) Маңғыстау облысы әкімдігінің Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы "Облыстық перинаталдық орталығы" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;

5) Маңғыстау облысы әкімдігінің Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы "Облыстық стоматологиялық орталығы" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;

6) Маңғыстау облысы әкімдігінің Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасының "Облыстық психоневрологиялық диспансері" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;

7) Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасының "Облыстық онкологиялық диспансері" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;

8) Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасының "Маңғыстау облыстық тері–венерологиялық диспансері" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;

9) Маңғыстау облыстық денсаулық сақтау басқармасының "Облыстық қан орталығы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;

10) Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасының "Облыстық наркологиялық диспансер" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;

11) Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасының "Жұқтырылған иммун тапшылығы синдромының алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі Маңғыстау облыстық орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;

12) Маңғыстау облысы әкімдігінің Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасының "Облыстық туберкулезге қарсы диспансері" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;

13) Маңғыстау облысы Денсаулық сақтау басқармасының "Салауатты өмір салтын қалыптастыру проблемаларының облыстық орталығы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;

14) Маңғыстау облысы денсаулық сақтау басқармасының "№ 1 Ақтау қалалық емханасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;

15) Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасының "№ 2 Ақтау қалалық емханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;

16) Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы "Ақтау қалалық перинаталдық орталығы" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;

17) Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасының "Ақтау қалалық жедел және шұғыл медициналық жәрдем станциясы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;

18) "Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасының арнаулы медициналық жабдықтау облыстық базасы" мемлекеттік мекемесі;

19) "Облыстық мамандандырылған балалар үйі" мемлекеттік мекемесі;

20) Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасының "Мұнайлы орталық аудандық ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;

21) Маңғыстау облысы әкімдігінің Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы "Жаңаөзен қалалық орталық ауруханасы" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;

22) Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасының "№ 1 Жаңаөзен қалалық емханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;

23) Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасының "№ 2 Жаңаөзен қалалық емханасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;

24) Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасының "Жаңаөзен қалалық балалар ауруханасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;

25) Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасының "Жаңаөзен қалалық перзентханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;

26) Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасының "Жаңаөзен қалалық жедел және шұғыл медициналық жәрдем станциясы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;

27) Маңғыстау облысы денсаулық сақтау басқармасының "Маңғыстау облыстық медициналық колледжі" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;

28) Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасының "Жаңаөзен ауданаралық туберкулез ауруханасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;

29) Маңғыстау облысы әкімдігінің Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасының "Жетібай аудандық ауруханасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;

30) Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасының "Қарақия орталық аудандық ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;

31) Маңғыстау облысы әкімдігінің Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы "Түпқараған орталық аудандық ауруханасы" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;

32) "Түпқараған туберкулез ауруханасы" мемлекеттік мекемесі;

33) Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасының "Маңғыстау орталық аудандық ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;

34) Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасының "Маңғыстау облыстық Е. Оразақов атындағы туберкулезге қарсы санаторийі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;

35) Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасының "Бейнеу орталық аудандық ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны;

36) Маңғыстау облысы әкімдігінің Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасының "Бейнеу аудандық емханасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;

37) Маңғыстау облысы денсаулық сақтау басқармасының "Боранқұл аудандық ауруханасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны.